

Ерлікке тағзым

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Мамырдың соңғы күнін қазақ елі қара жамылып қарсы алады. Себебі бұл - Саяси қуғын – сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып саналатын азалы күн.

1937-1939 жылдар аралығында қазақтың бас көтерер зиялы қауымының көпшілігі қуғын-сүргін құрбанына айналды. Қазір осы датаны аза тұту күні ретінде атап өту барлығымыздың парызымыз екені анық.

Еліміз 1997 жылдан бері дәл осы күні кезінде солақай саясаттың кесірінен қынадай қырылған боздақтарымызды еске алып, құрмет тұтады.

Мағынасы мен тарихы тереңде жатқан осы күнде іс-шаралар ұйымдастырылуда. Меңдіқара ауданы жұртшылығы да бұл күнді еске алуға арнады. Өткен күнге салауат айтып, жазықсыз жапа шеккен бабалар рухына тағзым етілді.

Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасы бір минут үнсіздікпен басталды. Аудан әкімінің орынбасары Мәрлен Сандыбеков және зиялы қауым өкілдері



Жазықсыз жапа шеккен боздақтарды еске алу сәті

«Ана мен бала» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Есет Көбеков халық алдында сөз алып, тарихқа көз жүгіртті. Қазақстан халықтары Ассамблеясының төрайымы Наталья Козлова да жиылған жұртшылыққа ашаршылық құрбандарын еске алу күнінің маңызы мен тарихы жайлы айтып өтті.

- Біз өткен тарихтан сабақ алғанымыз дұрыс, қаншама құрбан қаза

болды. Бұл күннің тарихы тереңде жатыр. Мұны жас ұрпақ ешқашан ұмытпауы тиіс. Дәл осы күні біз ел болып саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуымыз қажет,-деді Наталья Иванова.

Іс-шара орталық аудандық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастырған дөңгелек үстелмен жалғасты. Аталмыш іс-шараға зиялы қауым өкілдері және «Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің студенттері мен жастар қатысты. Жастарға тарихи күннің

мән-маңызы түсіндіріліп, мағыналы сөз қозғалды.

Өткен ғасырдың басында талайды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні ерлік пен өрліктің ерен үлгісін көрсеткен боздақтардың рухына арналды.

Қиын жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған адамдардың есімін мәңгі ұмытпай, оларды әрқашан есте сақтау – бүгінгі ұрпақ парызы.